

Халықаралық жануарларды қорғау күніне арналған « Жетісудің сирек кездесетін жануарлары» атты қалалық байқауды өткізу ережесі.

1.Негізгі ережелері

1.«Жетісудің сирек кездесетін жануарлары» атты байқауды Алматы қалалық білім Басқармасы Жас натуралистер станциясы мен «Жасыл құтқару» экологиялық қоғамы бірігіп өткізеді.

2.Байқаудың мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттілігін және Қазақстанның сирек кездесетін жануарларына деген танымдық қызығушылығын дамыту, табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Жетісу деп Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігін атайды. Бұл аймақтың жануарлар әлемі алуантүрлі. Олардың арасында сирек және жоғалып бара жатқан түрлер де аз емес; қар барысы, құлан, қызғылт бірқазан, аяқсыз сарықарын кесертке, аполлон көбелегі сияқты және басқа да көптеген жануарлар кездеседі.

2. Байқауға қатысушылар

3. Байқауға қатысуға мектеп оқушылары, мектептен тыс ұйымдар,көркем студиялардың тәрбиеленушілері қатыса алады.

4. Байқауға 7 ден 18 жас аралығындағы балалар қатыса алады.

3. Өткізу тәртібі және қатысу шарты

5. Байқауға бір автордан 1 ғана жұмыс қабылданады және төлқұжатпен ресімделген, артқы бетіне баспа әрпімен қол қойылған, кез келген техникада атқарылған суреттемелер болуы керек. Жұмыс көлемі – ф. А-3. Суреттегі жануарлар табиғи тіршілік ортада бейленелуі керек.

6. Байқауға қатысу жөніндегі өтініштер пен жұмыстар 2014 жылдың 15-нен 29-шы қыркүйек аралығында Жас натуралистер станциясында қабылданады. Мекен жайы: Щепкин көшесі 27-ші үй; тел. 309-75-99.

7. Ұйымдардан түскен өтінімге (аты-жөні, әкесінің аты және байланыс телефоны көрсетіледі) 5 авторға дейін қосуға болады.

8. Көрмеге таныстырылған әр жұмыстың затбелгісі мен қатысу жөніндегі өтінімі бірге жүреді. Көлемі 5x7см, принтерден шығарылған болуы керек. Онда қатысушының аты-жөні, жасы, жұмысының атауы, ұйымы, педагогтың аты-тегі көрсетіледі.

9. Талапқа сай емес жұмыстар қабылданбайды.

Өтінімнің пішіні

№	Қатысушының Аты-жөні	жасы	Сынып, Мектеп, Ұйым.	Номинация, Жұмыстың атауы	Жұмыстың жетекшісі, Лауазымы, Жұмыс орны	Байланыс телефоны.

10. Байқаудың қортындысын шығару және салтанатты жабылуы 2014 жылы 6 қазан күні сағ. 14те Жас натуралистер станциясының салтанат залында өтеді.

11. Байқауға қатысушыларды Жас натуралистер станциясының мақтау қағаздарымен марапаттайды.